

Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша талдамалық есеп

I. Кіріспе бөлім

1. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызмет саласының атауы: 2025 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметі.

2. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізгендер: Комплаенс-қызметінің басшысы Жақаева Әсел Сейтжанқызы a.zhakayeva@kazakhexport.kz, Бас комплаенс-бақылаушы Түменбаев Бақытжан Маралбекұлы b.tumenbayev@kazakhexport.kz, жұмыс телефоны 8 (7172) 95-56-56 (ішкі 183).

3. Тақырыптық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 25 желтоқсанда басталып, 2026 жылғы 05 қаңтарда аяқталды.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

Тексерулер мен ревизиялар жүргізу

2025 жылғы 4-тоқсанда Қоғамға қатысты Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шараларының тиімділігін бағалау мәніне мемлекеттік аудит аяқталды.

Жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Қоғамның атына тиімділік, сәйкестік жөніндегі аудиторлық есеп жолданды.

Сыбайлас жемқорлық көріністері немесе лауазымдық теріс пайдалану жағдайлары туралы өтініштер мен жарияланымдар

Бақылау кезеңінде Қоғамға жазбаша өтініштер, сондай-ақ senim@kazakhexport.kz сенім электрондық поштасына және «Senim» 8 (7172) 55 44 70 сенім телефонына Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріндегі теріс пайдаланулар немесе сыбайлас жемқорлық көріністері туралы, сондай-ақ олардың тарапынан жасалған алаяқтық әрекеттер жағдайлары туралы мәліметтерді қамтитын өтініштер түскен жоқ.

Мерзімді баспа, телевизиялық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), сондай-ақ әлеуметтік желілерде Қоғамдағы алаяқтық жағдайлары, оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан болған сыбайлас жемқорлық көріністері не лауазымдық теріс пайдаланулар туралы мәліметтер бар жарияланымдар, мақалалар немесе өзге де материалдар орналастырылған жоқ.

Ағымдағы жылдың 4-тоқсанында масс-медиада Қоғам және оның қызметі туралы жалпы еске алу саны 654-ті құрады.

Оның ішінде: 477 еске алу – Қоғам туралы оң сипатта болды;

177 – бейтарап сипатта болды;

теріс сипаттағы жарияланымдар – жоқ.

Құқықтық статистика органдарының, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері

Мониторинг жүргізу шеңберінде ағымдағы жылдың төртінші тоқсаны ішінде Құқықтық қамтамасыз ету және сақтандыру және кепілдік төлемдері жөніндегі департаменттердің қызметкерлері жүзеге асыратын талап қою-іс жүргізу жұмыстары бойынша құжаттар зерделенді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми интернет-ресурстары және «Компра» ақпараттық-анықтамалық сервисінің деректері қаралды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері бойынша Қоғамның жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық істердің қозғалғаны және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту жағдайлары анықталған жоқ.

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша іс қозғалған өндіріс фактілері жоқ.

Қоғамның, оның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының қатысуымен қылмыстық істер және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық істері бойынша сот талқылаулары жүргізілмеген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуразиялық Даму Банкі, Дүниежүзілік Банк, Transparency International (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және сыбайлас жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйым), FATF (Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қаржылық шараларды әзірлеу тобы – халықаралық ұйым) сияқты халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың интернет-ресурстарында Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністері туралы немесе оның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру бойынша операцияларды жүзеге асырғаны туралы ескертпелер (мәліметтер) болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттардың сақталуы

Мониторинг барысында Басқарма мүшелері қатарындағы лауазымды тұлғалар мен Қоғам қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау жағдайлары анықталған жоқ.

Белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттарды сақтамау фактілері тіркелмеді: Қоғамда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан банктерде шоттар мен салымдардың болуы, Қоғам клиенттерімен және қызмет (тауар) жеткізушілерімен жасалатын мәмілелердің жобаларын қарау кезінде жеке мүдделерін лоббилеу, Қоғамда жақын туыстары мен жекжаттарының бірлесіп жұмыс істеуі, құпия мәліметтерді жеке мақсатта пайдалану немесе оны жария ету туралы деректер мен мәліметтер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларды Қоғам штатына қызметкер ретінде қабылдау жағдайлары орын алған жоқ, бұл факт Адами ресурстарды басқару және операциялық қызмет департаменті қалыптастырған қызметкерлердің электрондық жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық органдары берген тиісті анықтамалардың болуымен расталады.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны реттеу

Бақылау кезеңінде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы қызметінде мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Ағымдағы жылдың 4-тоқсанында Қоғам жұмыскерлері үшін онлайн оқыту форматында «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар» тақырыбында оқыту өткізілді. Оның шеңберінде Қоғам жұмыскерлеріне Қоғамның лауазымды тұлғалары үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер туралы, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау қажеттілігі туралы, Комплаенс-қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттардың сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырудағы рөлі туралы, сондай-ақ Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері туралы құпия хабарлау тәсілдері туралы ақпарат жеткізіліп, артынша Қоғам жұмыскерлеріне тестілеу жүргізілді.

III. Қорытынды бөлім

Бақылау кезеңінде Қоғам жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың расталған жағдайлары жоқ.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ағымдағы жұмысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар сақталған.

Комплаенс-қызметінің басшысы

А. Жакаева

Бас комплаенс-бақылаушы

Б. Туменбаев